




№ 1 Еркетай Алға бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы
«Мен-Отанның бақытты ұланымын»

Еркетай ересек тобы.

Тәрбиешілер:Шонтыбаева.А.Е.

Ұзақбаева.А.А.

Қазан айы 2023жыл

«Мен-Отанның бақытты ұланымын»

Армысыздар құрметті қонақтар! Баршаңызды 25-қазан Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілеймін.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

I. Әнұран.

Жүргізуші:

- Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25-қазан Республика күніне арналған тәрбие сағат өткелі жатыр. Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Біздің Отанымыз, қасиетті мекеніміз қай Республика?

Балалар:

- Қазақстан Республикасы.

Жүргізуші:

- Президентіміз кім?

Балалар:

- Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

Жүргізуші:

- Отанымыздың астанасы қай қала?

Балалар:

- Астана қаласы.

Жүргізуші:

- Еліміз қандай қасиеттерімен айбатты?

Балалар:

- Әнұран, Туы, Елтаңбасымен.

Жүргізуші:

- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендерінді қалай дәлелдейсіңдер?

II. Хор: «Елімнің ертеңгі иесі - біз»

1. Арыстан:

Отан туы желбіреп,
Көз тартады құбыла.
Біз қараймыз елжіреп,
Туған жердің туына.

2. Рафхатова Каусар:

Егемен елім десем, сенім кіріп

Бойымды билеп кетер сенімділік
Ешкімге ауыстырмас алтын Отан
Жырлаймын қасиетінді төгілдіріп.

III. Ұлттық ойын: «Асық»

Мақсаты: балаларды ұлттық тәрбиеге, қимылды ойындарға қызығушылықтарын ояту. Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Жүргізуші:

- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не?

Балалар:

- Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

Аяла:

Жарқырап жанған күндей азаттығы
Көрінер ұлтымның да ғажаптығы
Республика күнімен құттықтаймын
Өйткені ол-Ұлт күні, Қазақ күні!

Айару:

Толтырған гүлге даланы
Жайнатқан ауыл-қаланы
Ардақты атамекенім
Отаным-Қазақстаным

Адель:

Сарқылмайтын қуатым
Тірегімсің Қазақстан
Мәңгі соғып тұратын
Жүрегімсің Қазақстан

IV. Көрініс

Көрініс. (Музыка ойнап, аяғын ақырын басып Ата шығады. Орындыққа келіп, демалып отырады. Осы кезде жүгіріп немересі шығады).

Немересі: Ата, не ойлап отырсыз?

Атасы: Ә, балам, атаң не ойламайды дейсін! Сенің болашағыңды ойлаймын.

Еліміздің болашағы жайлы, өткен өмір жайлы ойлаймын.

Немересі: Ата, «өткен өмір» деген не?

Атасы: Ә, балам, «өткен өмір» деген сонау ежелгі бабаларымыздан бергі өткен өмір жолы, бұл тарих емес пе?

Немересі: Ол қандай болған?

Атасы: Ендеше тыңда, балам! Сен тарихыңды, жеті атанды білуге тиіссің. Отаны жоқ адам нағыз бақытсыз жан, ал біз қазақ халқы нағыз бақ қонған тәуелсіз халықпыз. Отанды көркейту үшін сендер сабақты жақсы оқуларың керек.

Немересі: Ата, ендеше мен Қазақстанда одан әрі дамыту үшін сабағымды жақсы оқитын боламын.

Атасы: Балалар, туған дерді гүлдендірер ұл - қызы, міне, сендерсіңдер.

(Атасы мен немересі шығып кетеді).

Жүргізуші:

- Ал, балалар, біз Отан туралы нақыл сөздер білеміз бе?

V. Нақыл сөздер.

1. Отан – оттан да ыстық.
2. Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі.
3. Отан үшін отқа түс, күймейсің.
4. Оз елің алтын бесік.
5. Халқын сүйген, салтын сүйеді.
6. Туған жердің қадірін шетте жүргенде білерсің. Арайлым.

VI. Дидактикалық ойын: «Бір шеңберге жина»

Мақсаты: Қазақстан туралы білімдерін нақтылау және бекіту. Патриоттық сезімді қалыптастыру, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

«Сиқырлы қарындаштың» тапсырмасы.

Мақсаты: балаларды шығармашылыққа баулу. Ұқыпты бояуға үйрету.

Жүргізуші:

Мен қазақтың биікпін, байтақ елмін.

Қайта тудым өмірге қайта келдім

Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске

Жаса – жаса мәңгіге туған елім.

Осыменен тәрбие сағатын аяқтаймыз. Көңіл қойып келгендеріңізге, ынта қойып тыңдағандарыңызға көп - көп рахмет!

